

## «Менің Қазақстаным» пойызы - Екібастұзда

18 сәуір күні таңғы сағат 9.00-де екібастұздықтар «Менің Қазақстаным» пойызын қарсы алды. Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына арналған акцияда Елбасы Жолдауының негізгі қағидаларын түсіндіру, «Мәңгілік ел» жалпұлттық идеясын тарату және халыққа медициналық, әлеуметтік, ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және құқықтық көмек көрсету көзделді.

Митингте ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Ахмед Мұрадов сөз алып, акцияның маңызына тоқталды.

- «Менің Қазақстаным» пойызы 23 елді мекенді аралады. Екібастұздан кейін Теміртауды бетке аламыз. Пойыз қызметі аясында барлық әлеуметтік топтар қамтылды. ҰОС ардагерлеріне, шалғайдағы тұрғындарға ерекше көңіл бөлінді,- деді.

Екібастұз қаласының әкімі Александр Вербняк «Ассамблея - Елбасының бастамасымен құрылған бірегей институт. Құрметті қонақтар, кеншілер мен энергетиктер қаласына арнайы келгендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Ақпараттық қолдауларыңызға разымыз!» - деп қонақжайлылық танытты. Сонымен бірге медициналық колледждің студенті Светлана Шейва қазақ тілінде жатық сөйлеп, ана тіліміздің мерейін өсірді. Мұсылман әйелдер лигасының төрайымы Мәрияш Сағындықова шашу шашты.

(Жалғасы 3-бетте)



Сурет В.Фадеевтікі

# «Менің Қазақстаным» пойызы - Екібастұзда

Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кездесу бұдан әрі «Қайнар» ББК-де жалғасты. Екінші қабатта Әділет, Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Денсаулық және әлеуметтік даму министрліктері мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мамандары қабылдауға алдын ала жазылған тұрғындарды қабылдады.

Сұлтан Теміржанов кеңеске алғашқылардың бірі болып жүгінді.

Ол орталықтан келген маманға Халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы көңілден шығатынын айта келіп:

- Әйтсе де электрондық қызмет бүкіл саланы қамти алмай отыр. Мәселен, заңды тұлғаларды тіркеуден өткізу қарастырылмаған. Осы мәселенің тез арада шешімін тапқанын қалаймыз. Сонымен бірге Екібастұз қаласы жылдан-жылға көркейіп, халық саны өсуде. Халыққа қызмет көрсететін орталық саны – біреу. Келешекте тағы біреуі іске қосылса, артық болмас еді, - деді ел бұйымтайын жеткізіп.

«Успех-ЭК» ЖШС-нің заңгері Шершен Тейжанова әл-



зейнетақы төлеміне де базбір өзгерістер енгізілмек. Жаңа жүйе бойынша зейнеткердің қай жылы зейнеткерлікке шыққаны ескеріледі. Осыған орай, зейнетақы жүйесін модернизациялаудың концепциясын жасаушылар қазақстандық зейнеткерлерді бірнеше санатқа бөліп отыр, - деді ол.

Еліміздің көптеген қалаларында неке сарайына жеке ги-

не Саша Цветкова қонақтарға зор алғыстарын білдірді.

Кітап – теңдессіз байлық. Рухани байлықтың орнын ештеңе де алмастырмайды. Қазақстан халқы ассамблеясының «Теңдессіз сыйлық» қайырымдылық акциясы аясында орталық қалалық кітапханаға кітаптар топтамасын тапсырды. Топтамада Қазақстан халқы ассамблеясының тарихына, Екібастұз қаласының тарихына, Екібастұз қаласының қазіргі кезеңіне

- Екібастұз қаласы өте ұнады. Кешелері таза. Адамдары дархан мінезді. Жаңадан салынған музыкалық мектептің елімізде баламасы жоқ. Біз тұтас халықтың бір бөлшегіміз. Аспанымызды бұлт шалмасын, - деп әсерімен бөлісті қырғыз этномәдени бірлестігінің жетекшісі Шавхат Имаилов.

Кешке қарай екібастұздықтар «Қазақстан» кинотеатры ал-

«Успех-ЭК» ЖШС-нің заңгері Шолпан Тайғанова акция аясында түрлі кеңестер берілетіндігі жөнінде мемлекеттік органдар арқылы құлағдар болыпты. «Жылжымайтын мүлікке қатысты тұшымды кеңес ала алмай жүрген едім. Мамандардың кеңесі көкейіме қонды», - деп ол ойын ортаға салды.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бас сарапшысы Әлия Тұранова бастаған кеңес беру тобы түске дейін 10 адамның өтініш-тілегін тыңдады.

- 2007 жылы Үкімет «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан әлеуметтік төлемдердің мөлшерін бекіту, қайта есептеу және көтеру тәртібі» Қаулысын қабылдағаны белгілі. Мұнда азаматтардың жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем төленетіні де көрсетілген. Айта кетерлігі, мұнда қандай жағдайда жұмыстан босатылғаны есепке алынбайды. Ең бастысы, зейнетақы жинақтаушы қорындағы салым мерзімінің ұзақтығы 6 айдан кем болмауы тиіс, - дейді министрлік өкілі.

Павлодар облысы бойынша еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті департаменті басшысының орынбасары Галина Дмитриеваның айтуынша, қабылдауына келген адамдардың басым көпшілігі зейнеткерлікке шығу мәселесіне қызығушылық танытады.

- Соңғы жылдары елімізде зейнетақы туралы заңға бірқатар өзгеріс енгені белгілі. Енгізілген өзгерістерге сәйкес ерлер мен әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы теңесті. Жекеменшік зейнетақы қорларының бәрі Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорына біріктірілді. 2017 жылдың шілде айынан бастап

рында неке сарайына жеке ғимарат бөлінген. Ал Екібастұз қаласында АХАЖ Халыққа қызмет көрсету орталығының екінші қабатында орналасқан. Бұл жерде АХАЖ-ға берілген орын тар. Неке қиятын зал да адамдарға қолайсыздық тудырады. АХАЖ-да орын алған тағы бір проблема – білікті кадр тапшылығы. Аталмыш жайтқа алаңдаған тұрғындардың біріне тіркеу қызметі мен заң қызметін ұйымдастыру департаментінің сарапшысы Гүлмира Адисбекова төмендегідей жауап берді:

- 2014 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен АХАЖ жергілікті органдардың құзырына берілді. Енді ғимарат және басқа да мәселелерді шешу – жергілікті биліктің құзырындағы шаруа, - деді.

Осы күннің екінші жартысында «Н.Ә.Назарбаев этникааралық тағаттылық және қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделі» және мемлекеттік этносаясат, қоғамдық келісім, мәдени тағаттылық пен этникааралық қатынастарды қалыптастыру мәселелері жөнінде семинар-тренинг ұйымдастырылды. Қала жастары республикамызға танымал «квншілердің» өнерін тамашалады.

«Менің Қазақстаным» пойызының өкілдері «Үміт» балалар үйіне балалармен кездесуге келді. Кездесу барысында осы пойыздың жетекшісі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар белгілі әнші Әлішер Кәрімов ән шырқап, республикалық «Гүлдер» ансамблінің бишілері мың бұралып би биледі. Балалар Әлішер Кәрімовты жақыннан көріп, онымен бірге би билеп, ән айтқандарына дән риза болып, қуанышқа бөленді. Қолтаңба алды, бірлесіп суретке түсті. Кездесу соңында балалар үйі директоры Н.Әбдрахманова жә-

ассамблеясының тарихына, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық саясаты және басқа тақырыптарға арналған кітаптар, сөздіктер және т.б. қызықты басылымдар бар.

Кітап еліміздегі ұлтаралық топеранттылық пен қоғамдық келісім моделіне қызығушылық танытқан және оны нығайтып, дамытуға атсалысқысы келетін азаматтарға арналған.

Күн бесінге ауғанда астаналықтар жергілікті БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді.

«Қазақстан» кинотеатры алдында халық өртісі Ескендір Хасанғалиев, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткерлері: Толқын Забиров, Жеңіс Сейдоллаұлы, Алтынай Жорабаева, Дильназ Ахмадиева, халықаралық конкурстардың лауреаттары Біржан Хасанғалиев, Жанар Догалова, Мақпал Исабекова, Кәмшат Жолдыбаева, Әлішер Кәрімов, «Лашын» тобының өндерін тыңдап, «Гүлдер» би ансамблінің биін қызықтады.

## ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚТАМА:

«Менің Қазақстан» пойызымен келген танымал эстрада және өнер жұлдыздарының ішінде Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, кезінде елдің сүйіктісіне айналған «Үш Татьянаның» бірі - Татьяна Бурмирова қаланың көрікті жерлерін, тарихи орындарын аралауға құлықты болды.

Татьяна өншінің қасында жүрген «Атамұра» ұлттық мәдени орталығының директоры Нұрсұлу Төлеубаева кездесу жайлы төмендегідей әңгіме өрбітті:

-Татьяна апамыз: «Мен жолда тынықтым. Жақсыны көрмекке. Нұрсұлу, баста», - деп жымиды. Қонақүйге орналасқан соң, киімін ауыстырды. Өзі халық өндеріне дайындалып келіпті. «Қайнар» ББК мен «Нұр Отан» партиясының ЕФ-на барғанымызда, халық алдына шығып, мемлекеттік тілді насихаттады. «Президент «Қазақ қазақша сөйлесін» деді емес пе, ана тілімізді қадірлейік» деген сөзі көпшіліктің жүрегіне жол тапты. Жаңа музыка мектебін көргенде: «Ғажайып ғимарат!» деп таңғалды. Уақытының шектеулі екендігіне қарамастан тарихи-өлкетану мұражайында да болды.

Орталықтағы концертте Татьяна Бурмированы халық жылы қабылдады. Өнші сахнадан түскенде, бейтаныс әйел Татьянаға жақындап: «Үш Татьянаның бірісіз ғой. Сіздердің өндеріңізді сүйіп тыңдайтын едік. Қалған Татьяналармен араласып тұрасыз ба?» - деп сұрады. Татьяна Бурмирова бірінің Мәскеуге көшкенін, екіншісі Шымкентте тұратынын айтып жатты.

«Екібастұзға гастрольдік сапармен 2000 жылы келген едім. Қала көп өзгерген. Көшелері қандай таза!», - деп ағынан жарылды.

Татьяна Бурмирова бір күндік сапарында ұлттық киімін және домбырасын қолынан тастамады. Қазақтың ақиық ақындары М.Мақатаевтың, Қадыр Мырзалиевтің өлеңдерін жатқа оқыды. Жаны қазақ, көкірегі қазына Т.Бурмирова қазақ ұлтының салт-дәстүрін насихаттау мақсатында Алматыда ұлттық өнер орталығын ашқанын да айтты. Өзі қазақ әулетін көрмейтіп отыр. Бір ұл, екі қыздың анасы. Аттанарда маған қарата: «Нұрсұлу, қазақтың ұлттық киімін тіктіріп ки. Мен осы ұлттық киімде Президенттің қабылдауына да бардым. Өз басым қазақтың өнерін, салт-дәстүрін өспеттеп өтемін. Ол – маған төңірдің берген сыйы», - деді.